




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



КРЕДИТТЕУ ЖӨНІНДЕ БАНКТЕРГЕ
ПІКІРТЕРІМ ЖҮРГІЗУ
2018 ЖЫЛҒЫ 1-ТОҚСАН

Зерттеу жөніндегі жалпы ақпарат

Кредиттеу жөніндегі пікіртерімді банктерге Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныстарға өзгерістерді бағалау мақсатында тоқсан сайынғы негізде жүргізеді. Пікіртерім банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банктің басшыларына жіберілді. Зерттеу барысында жекелеген банктердің өкілдерімен сауалнама және кейіннен сұхбат алу арқылы барлық банктерге пікіртерім жүргізіледі.

Көптеген сұрақтарға жауаптардың нұсқалары төменде келтірілгендердің біреуін таңдауды пайымдайды:

-1 = айтарлықтай азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = шамалы азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

0 = бұрынғы деңгейде қалады (қалды)

0,5 = шамалы ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = айтарлықтай ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) – өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) белгілеген респонденттер үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) белгілеген респонденттердің үлесі арасындағы айырманы есептеу арқылы қарапайым орташа ретінде жинақталды.

Осы 2018 жылғы 1-тоқсандағы шолуда біз әдістемені өзгерттік. Енді зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктердің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге жинақталады. Аталған индикатордың мәні егер банктер «айтарлықтай азайды/қатаңдады» жауабын таңдаса -100%-дан бастап, егер банктер «шамалы айтарлықтай ұлғайды/жеңілдеді» жауабын таңдаса 100%-ға дейін құбылуы мүмкін.

Аталған ТПӨ индикаторының оң мәні өлшемдердің өсу (жеңілдеу) қарқыны туралы, теріс мәні – төмендегені (қатаңдағаны) туралы куәландырады. Бұл ретте, таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгерістің шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін ғана көрсетеді.

Сонымен қатар 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап келіп түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдер жөніндегі сұрақтар қосылды (№21, 22, 23 сұрақтар). Келіп түскен өтінімдердің жалпы саны кредиттік шешім (мақұлданды/ бас тартылды) қабылданған өтінімдерді, және зерттеу жүргізу барысында қаралып жатқан өтінімдерді қамтиды.

Кредиттеу жөнінде банктерге пікіртерім жүргізу¹

2018 жылғы 1-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

2018 жылғы 1-тоқсанда корпоративтік қарыз алушылар үшін кредиттеу талаптары шамалы жеңілдеді (1-сурет). Корпоративтік секторды кредиттеу талаптарының жеңілдегенін белгілеген респонденттердің үлесі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда екі есеге өсті (7%-ға карағанда 15%).

Талаптардың жеңілдегенінің негізгі факторларының ішінде басқа банктер тарапынан бәсекелестіктік, өтімділік көрсеткіштерінің жақсаруы, депозиттік қорландыру құны мен тәуекелдерінің төмендеуі болды. Сонымен қатар, қарыз алушылардың төлем жасау қабілеттілігіне және қарыз бойынша кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың артуы талаптардың жеңілдеуін шектеді.

Сапалы қарыз алушылар үшін күшейтілген бәсекелестік аясында қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесі төмендеуін жалғастырды, ол өз кезегінде маржаның тарылуына әкеп соқты (3, 4-суреттер). Жекелеген банктердің пікірінше базалық мөлшерлеменің төмендеуі де қарыздар бойынша мөлшерлемелердің төмендеуіне әсер етті.

Үшінші тоқсан корпоративтік сектор тарапынан банк кредитіне сұраныс қатарынан өсуде (2-сурет). Атап айтқанда қысқа мерзімді қарыздарға сұраныстың өсуі ұзақ мерзімді қарыздар бойынша сұраныстан жоғары болды. Банктердің көпшілігі бұны ұзақ қорландыру кемшілігі ретінде түсіндіреді, ол ұзақ қарыздардың болмауына әкеп соғады, тиісінше банктер қарыздың аталған түрін қарастырмайды.

Айналым қаражатына сұраныстың өсуі, банктер мен жарнама компанияларының маркетингтік акциялар жүргізуі сияқты факторлар сұранысқа оң әсер етті. Мәселен, 2018 жылғы 1-тоқсанда кредиттік өтінімдердің 70%-ы дерлік шағын бизнестен, 25%-ы орта және қалған 5%-ы ірі корпоративтік қарыз алушылардан түсті (10-сурет).

Банктер клиенттерді тартуда ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың рөлін және өз шешімдерінде кредиттеудің аталған сегментін дамытуды атап өтті. Жекелеген банктерде ШОБ клиенттерімен жұмыс жөніндегі бөлімше кеңейіп, тиісті деректерді жинау және өңдеу бойынша бөлімшелер құрылуда, клиенттермен қарым-қатынасты жақсарту және кредиттік тәуекел модельдерін құру үшін деректерді жинауды және талдауды автоматтандыру технологиясына көпке бөлініп отыр.

2018 жылғы 2-тоқсанда банктер ШОБ үшін сыйақы мөлшерлемелерін шамалы төмендету және кредиттеу талаптарын жұмсарту аясында аталған қарыз алушылар тарапынан сұраныстың өсуі жалғасатынын күтуде (1, 2, 4-суреттер).

¹ 1-тоқсанға кредиттеу жөнінде банктерге пікіртерімді ҚР Ұлттық Банкі 2018 жылғы сәуірде жүргізді. 30 екінші деңгейдегі банктерді тоқсан сайынғы зерттеу нәтижелері бойынша талдау қорытындысы дайындалды.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

2018 жылғы 1-тоқсанда кепілге берілетін ипотекалық және тұтынушылық кредиттеу талаптары шамалы жеңілдеді. Кепілсіз кредиттеу талаптары күтілген жеңілдеуге қарамастан, қатаңдай түсті (5-сурет).

Ипотекалық кредиттеу талаптарының жеңілдеуі қарыз алушының төлемге қабілеттілігіне қойылатын талаптарды әлсіретуде, бастапқы жарнаның ең төменгі мөлшерін төмендетуде және сыйақы мөлшерлемелерін шамалы азайтуда білінді (7-сурет). Банктер арасында күшейтілген бәсекелестік және тұрғын үй құрылысын қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға қатысу талаптарды жеңілдетуге әсер етті.

Ипотекаға сұраныс айтарлықтай төмендеді (6-сурет). Банктердің пікірі бойынша, қарыз алушылардың жылжымайтын мүлік нарығын дамыту перспективалары туралы күтулері, атап айтқанда «7-20-25» тұрғын үй құрылысын қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын іске қосудан күтулері сұранысты бөгеді.


Тұтынушылық кредиттеу талаптарын жеңілдету негізінен сыйақы мөлшерлемелерін төмендетуде және төлем жасауға қабілеттілік талаптарын жеңілдетуде көрініс тапты (8, 9-суреттер). Жекелеген банктер сұхбат кезінде мөлшерлемелердің төмендеуі қарыз алушылардың шағын тобы (жалақы жобаларының қатысушылары және басқалары) үшін жүргізілгенін атап өтті. Соған қарамастан, кепілге берілетін тұтынушылық қарыздарға сұраныс өзгеріссіз қалды (6-сурет).

Банктер кепілсіз қарыздар беруге дайындықтың өскенін атап көрсетті. Сұраныстың өсуі кепілсіз тұтынушылық кредиттеу және автокредиттеу бойынша байқалды (6-сурет). Банктердің пікірі бойынша, кепілсіз қарыздарға сұраныстың өсуіне басқа банктерде қаржыландыруға арналған өтінімдер ықпал етті. Жекелеген банктер өздері жүргізген зерттеулерге сүйене отырып, сапалы қарыз алушылар нарығының шектеулі және игерілген екендігіне, соған байланысты басқа банктердің клиенттерін қайта қаржыландыру несие портфелін өсірудің барынша тиімді әдісі болып табылатынына көз жеткізді.

Келесі тоқсанда талаптардың кейіннен жеңілдеуі аясында банктер автокредиттеуден бөлек, тұтынушылық қарыздарға сұраныстың шамалы ұлғайғанын күтеді (5, 6-суреттер).


1-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс



2-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұраныс

Таза пайыздық өзгеріс




- (а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

- (а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюының белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

6-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюының белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.

8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

№17 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.


9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.

10-сурет. Кредиттік өтінімдер



- (а) №20 сұрақ: Есепті кезеңде келіп түскен кредиттік өтінімдердің санын көрсетіңіз.
 №21 сұрақ: Есепті кезеңде мақұлданған кредиттік өтінімдердің санын көрсетіңіз.